



22-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Құқықбұзушылық





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылық

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Патенттік құқықты бұзу – күрделілігімен танымал құқық салаларының бірі. Ішінара, мұндай танымалдылық патент бұзушылықты дәлелдеудің оңай еместігімен байланысты, сондай-ақ бұл белгілі бір істің шекарасынан тыс жалпылауды қиындатады. Аталған күрделілік (патенттеу жүйесінің тиімділігін арттыра отырып) патенттік монополияның патенттелген өнертабысты тура қайталайтын өнімге немесе процеске қатысты құқықты бұзатын әрекеттерді қамтушы жағдайлармен ғана шектелмейтінімен толықтырыла түседі.

Осылайша, заңгерлердің патенттерді қорғау ықыласын қанағаттандыру мақсатында, патенттік құқықтың көрінеу бұзылуынан өзге шектен шығатын осындай монополияны қамту жағдайларының артуы келесі мәселені туындатты: патент ұғымы қаншалықты кең?

Оның үстіне өнертапқыш кейіннен әлдекімді құқық бұзу әрекеттері үшін айыптауға құқылы болуы үшін өнертабыс толықтай патенттелмеуі керек деп шешілген кезде, тағы да сұрақ туындады: өнертабыстың қаншалықты көп бөлігі патенттелуі керек?

Осы мәселелердің күрделілігі патенттік құқықтың бұзылуы тақырыбын зерттеу кезінде туындайтын проблемаларды ұғынуға мүмкіндік береді. Ұлыбританияның Патент жөніндегі Еуропалық Конвенцияға (ЕРС) қосылу салдары да тақырыптың күрделілігіне ықпал етеді.

1973 жылы Патент жөніндегі Еуропалық Конвенцияны (ЕРС) әзірлеу барысында Еуропалық патент жөніндегі ведомствосымен (ЕРО) берілген патенттердің құқықтарын бұзуға қатысты мәселелерді ұлттық соттар жақсырақ шешеді деп келісілді. Алайда шындық пен құқық бұзу мәселелерінің тығыз байланысы ЕРО шешімдерінің (әсіресе соңғыларының) британдық патенттік құқыққа әсер ететіндігін білдірді.

Мұндай өзгерістер құқық бұзу мәселелерімен айналысатын жалпы соттың болмауы салдарынан күткеннен де күрделі болып шықты. Алдында айтылғандай, бірыңғай патенттеу жүйесі енгізілетін болса, жағдай өзгерер еді. Бірыңғай патенттеу жүйесінің артықшылықтарының бірі – құқық бұзу проблемасы белгілі бір елдің ұлттық соттарының немесе ұлттық құқығының жауапкершілігімен ғана қамтылмайды. Қазіргі сәтте, еуропалық патент иегерлерінің құқық бұзушылық жағдайларын ұлттық соттар 1977 жылғы Патенттер туралы Заңына сәйкес қарастырады.

Алайда, Бірыңғай Патент Соты туралы Келісімге (ағылшын тілінде UPC Agreement) сәйкес, мұндай жүйе бірыңғай патенттік соттарға (ұсынылған жаңа «бірыңғай патент» құқықтарын бұзу мәселелеріне қатысты істерді қарауда айрықша құқығы бар) ауыстырылатын болады.

Сондай-ақ бұл Келісім құқық бұзушылық жиынтықты немесе бірыңғай патентке қатысты ма деген мәселені анықтауға мүмкіндік беретін тиісті заң нормаларын қамтитын болады. Сонымен қатар, Бірыңғай Патент туралы келісім құқықтың осы саласына қатысты (жеке немесе коммерциялық емес мақсаттарда жасалған әрекеттерді, эксперименттік сипаттағы әрекеттер, биологиялық материалдардың өсімдіктерді іріктеу, жаңалықтар ашу және жаңа түрлерін дамыту үшін қолданылатын жағдайлар, дәрілерді фармацевтикалық түрде даярлау, патенттелген өсімдіктер мен жануарларды ауыл шаруашылығында пайдаланудың белгілі бір типі, декомпиляция және үйлесімділік сияқты патенттелген компьютерлік бағдарламаларды қолданудың белгілі бір типтерін қоса алғанда) қорғауға арналған бірқатар дәлелдерден тұрады. Британдық соттар Ұлыбританияның зияткерлік меншік жөніндегі мекемесімен (IPO) берілген ұлттық патенттер мәселелері бойынша құқық қабілетті болған кезінде, британдық заң Бірыңғай патент туралы келісімге сәйкес еуропалық жиынтықты және бірыңғай патенттерге арналған құқық бұзушылыққа қатысты ережелерге сәйкес келуі үшін 1977 жылғы Патенттер туралы заңды өзгерту қажет.

Ең бірінші құқық бұзушылық болып табылатын әрекет типін анықтау қажет. Одан кейін, аталған әрекеттің патенттік монополия ықпалына түсетіндігіне сенімді болу керек. Ең соңында жауапкердің оған қолжетімді қорғау дәлелдерін қолдана алу/алмауын анықтау қажет. Келтірілген міндеттердің әрқайсысы осы тәртіпте шешілуі қажет.

Ең алдымен патенттік құқықтағы тікелей және жанама құқық бұзушылық арасындағы айырмашылықты белгілеу маңызды. Олардың арасындағы басты айырмашылық – тікелей құқық бұзушылық патенттелген өнім немесе процесспен тікелей өзара әрекеттесуді білдірсе, жанама құқық бұзушылық кезінде құқық бұзушылық әрекетті жасауға мүмкіндік беру, яғни әлдекімге бұл әрекетті жасауға жәрдемдесу туралы сөз болып отыр.

Тікелей және жанама құқық бұзушылықты одан да түбегейлі қарастырмас бұрын, патент иесі өзінің келісімін бермеген кезде (яғни, осындай әрекет тиісті лицензияның болмаған кезінде жасалады), осындай әрекет Ұлыбритания аймағында жасалатын кезде, және осындай әрекет патенттің әрекет етуі мерзімінде орын алған жағдайда құқық бұзушылық әрекеті болатынын айтып өту қажет. Патент иесі құқық бұзушылықты дәлелдеуі үшін, жауапкер патент иесінің бақылауына түсетін әрекеттердің біреуін



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылық

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

жасағанын көрсетуі қажет. Патент иегерінің негізгі құқықтары 1977 жылғы Заңның 60(1) тармағында мазмұндалған.

60(1) тармақтың өнім не процесті даярлау немесе пайдаланудан бастап, оларды сату немесе импорттаумен аяқтай отырып, әрекеттердің кең спектрін сипаттаудан тұратынын көруге болады. Нәтижесінде, коммерциялық пайдалы әрекеттердің барлығы болмаса да, оның көбісі патент иегерінің бақылауына түседі. Патент иегерінің құқығы патенттің өнім үшін, процесс үшін немесе процестің нәтижесінде алынатын өнім үшін берілгеніне байланысты әртүрлі болады. Құқық бұзушы 60(1)(b) тармағында сипатталған процесті пайдаланған немесе «процесті пайдалануға ұсынған» жағдайлардан өзгесінде жауапкердің білімімен байланысы жоқ тікелей құқық бұзушылық орын алады. Бұл, жауапкер өнімге берілетін патентке қатысты немесе өнім патенттелген процесс нәтижесінде алынған жағдайда толық жауапкершілік көтереді дегенді білдіреді.

Яғни, мұндай жағдайда, патент иегеріне жауапкердің патенттік құқықты өзі бұзғанын білетінін дәлелдеудің қажеті жоқ. Мұндағы дәл сол өнертабысты өз еркімен, кездейсоқ немесе абайсыз қайталау құқық бұзушылық болып саналады.

Өнімге берілген патент иесі өнімге иелік ету немесе өнімге қатысты басқа бір әрекет жасау мақсатында өнімді дайындауға, иелік етуге, ұсынуға, пайдалануға, импорттауға немесе сақтауға құқылы. Осы жағдайда жауапкершілік толық көлемде жүктелетінін есте сақтау маңызды: патент иегерінің бақылауына түсетін әрекеттердің біреуін жасағанын талқылау кезінде жауапкердің білімі маңызды емес. Алайда, құқық бұзушылыққа жауапкершілік деңгейін талқылау кезінде құқықты бұзу пиғылының маңызы болмаса да, сотпен құқықтық қорғау құралдарын белгілеу кезінде қылмыстық пиғыл айтарлықтай рөл ойнауы мүмкін. Әдетте, патенттік жауапкершілік неге толық мөлшерде жүктелетінін түсіндіретін үш себеп келтіріледі. Бірінші себеп – патент иегері өз монополиясынан толық пайда табуы үшін толық жауапкершілік қажет. Көбіне мұндай себеп патент алғысы келгендерге жүктелетін пәрменділік талаптарының күрделі табиғаты үшін аса қиын болып көрінеді.

Мұндай себептің табиғаты туралы талқылау кезінде меншік құқығы толық болып табылмайтынын және патенттік құқықтар бұл ережеден тыс жағдайларға жаппайтынын ескерген жөн. Мысалы, патенттер өзінің әрекет ету мерзіміне, қамтуына, олар қорғайтын қызметінің аясы мен түрлеріне қатысты шектелген.

Жауапкердің ниеті оның құқықты бұзу/бұзбағанын талқылау кезінде маңызды болмау фактісінің екінші түсіндірмесі «құқық бұзушылыққа қайтарма тест өткізу» деп аталатынға алып келеді, ол өнертабыстың қандай да бір жаңа екендігін анықтау үшін қолданылады. Құқық бұзушылық тестіне қайтарма тест арқылы жаңалығын тексеруді болжайтын мұндай тест кезінде сот келесідей гипотезалық сауал қояды: «Егер патент берілгеннен кейін, оның мазмұны туралы айту керек болса, бұл жағдайда ол патенттік қорғауды бұза ма?».

Егер солай болса, онда ақпаратты ашу жаңалықты қаралаушы деп танылады. Мұндай дәлелдеменің келесі қадамы жалпыға танымал ақпарат жаңалықтың жаңашылдығын қаралаушы болып табылу фактісін анықтау кезінде осындай ақпаратты ашқан тұлғаның ниеті маңызды емес екенін еске салады (жаңашылдық объективті негіздерде анықталған жағдайда).

Жаңашылдық пен құқық бұзушылық бір-бірінің айнасы болып табылатындықтан және жаңашылдық объективті негіздерде белгіленгеннен кейін, құқық бұзушылықты да объективті түрде анықтауға болатын болып шықты.

Алайда, «қайтарма тестілеу» жаңашылдықты анықтау мәселесіне айқындық беруге көмектескенімен, ол құқықты бұзушылық туралы істе құқық бұзушының ниетін ескеру қажет пе деген шешімді қабылдауға көмегі шамалы.

Жауапкердің ниеті құқық бұзушылық істерінде шешім қабылдау кезінде маңызы жоқ деген пайымдауды қолдаудағы үшінші дәлел патенттер тізілімі мен патенттік жүйе жалпы орындайтын ақпараттық функцияның бар болуына шоғырланған. Бұл жерде, егер құқық бұзушылық толық болған жағдайда үшінші тараптар зардап шегуі мүмкін ықтимал нұқсан патентті алу процесінде жаңалық жұртшылыққа мәлім болу фактісіне қарама-қайшы қойылады.

Нақтырақ айтқанда, патенттелген жаңалық туралы ақпарат жұртшылыққа мәлім болу салдарынан үшінші тұлғалар осы ақпаратқа қол жеткізе алады және осылайша патенттік құқықты бұзуды айналып өтіп, өздерінің іс-қимылын өзгерте алады (немесе патентті лицензиялайды).

Бұл, қатаң жауапкершілік қағидаты жаңалықты қандай да бір инертті, статикалық және (көп жағдайларда) өзгермейтін ашылу ретінде түсіндіруімен байланысты.

Механикалық сипаттағы өнертабыстар мен жаңалықтар жағдайында (жауапкердің мінез-құлқы құқықты бұзды ма деген сауалды анықтау жағдайында), ықтимал жауапкерлер өздерінің құқықты бұзбағанына



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылық

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

сенімді болуы үшін өз әрекеттерінің бейнесін өзгертуі мүмкін.

Алайда, биология саласындағы динамикалық және белсенді болып табылатын ашылулар жағдайында жауапкер құқықты бұзбағанына сенімді болуы үшін аулақ болатын әрекеттер өте аз болады.

Құқық бұзушылықты ашылу әрекетімен (жауапкердің өзімен емес) байланыстыруға болатынын ескере отырып, жауапкер патенттелген ашылу немесе өнертабыс туралы білген жағдайда, мұндай орын алуы әбден мүмкін.

Биологиялық жаңалықтармен байланысты туындайтын ықтимал проблемалар *Monsanto v. Schmeiser* 21 канадалық ісінде келтірілді, оның нәтижесінде фермерді, оны жерінде өсіп жатқан глифосатқа төзімді өсімдіктерді анықтаған кезде, оның *Monsanto* құқықтарын бұзушы деп тапты.

Бұл жерде толық жауапкершілік қағидасының сақталуы маңызды болды және фермердің өсімдіктерді өзі өсірді ме, әлде оның айтуы бойынша өсімдіктер оның қатысуынсыз өсті ме (ұрықтардың желмен және жәндіктермен тасымалдауы, учаскесінің қасынан өткен жүк көліктерінің мықтап жабылмауынан ұрықтардың түсіп қалуы, көршісінің қалтасынан түсіп қалған ұрықтарды қоса алғанда) – бұлардың ешқайсысы маңызды болмай шықты. Бұл жердегі маңызды болғаны – мұның патенттелген ашылу немесе өнертабыстың лицензиясыз пайдаланылуы еді.

Бұл фермерлердің патенттелген өсімдіктердің олардың аймақтарына «енуі» немесе басқа өсімдіктер арқылы тозандану жағдайында өз тарапынан қандай да бір бұзусыз патенттік құқықты бұзғаны үшін жауапты деп танылатынын білдереді. (Осындай сынды мәселелер генетикалық модификацияланған жануарларға қатысты туындауы мүмкін). Пассивті құқық бұзушылықпен айыпты болу ықтималдығы өткен жылғы астық өнімдерінің ұрықтары келесі жылғы егін себуге сақталатын жағдайда фермерліктің дәстүрлі іс-тәжірибесіне қатты әсер етуі мүмкін.

Бұл болмағанның өзінде де, биологиялық ашылулар аясында пассивті құқық бұзу мүмкіндігі фермерлерге осындай түрдегі патенттелген жаңалықтарға лицензия алу қажеттілігіне қатысты қысымды арттырады.

Алайда, бұл проблема пассивті құқық бұзушылыққа қарсы қорғану тетіктерін енгізу жолымен тез жойылуы мүмкін.

Патентті өнімге алған иегерінің ең маңызды құқықтарының бірі – бұл өнімді «дайындауға» берілетін айрықша құқық.

Өнімді дайындауға берілетін құқық дәл нені білдіретінін анықтау кезінде, бірнеше мәселелік сұрақтар туындайды.

Меншік иесінің өнімді жөндеу құқығы – бұл оған айқын немесе ұйғарынды лицензия нәтижесінде берілетін тәуелсіз құқық емес.

Бұл - өнімді дайындау түсінігіне кірмейтін барлық әрекетті жүзеге асырудың бөлігі болып табылатын қалдық құқық

Оның үстіне патенттік құқық патенттелген өнімді алған тұлғаның өнімді соншалықты қатты өзгертіп, және бұл өнімді дайындаумен бара-бар болатын жағдайлардан аулақ болуға тырысады. 24 Осы жағдайларда келесі сауал туындайды: «Адам меншік иесінің өнімді дайындау құқығын бұзғанынша өнімді қаншалықты жөндей алады немесе өзгерте алады?».

Аталған мәселелер, *Schütz v Werit* ісінде қарастырылды. 25 Мәселе *Schütz* жауапкерді орташа көлемді сыйымдылыққа, яғни көп мөлшердегі (1000 литрге жуық) сұйықтықтарды (химикаттар, алкогольсіз сусындар немесе косметика) тасымалдау үшін қолданылатын құралға қатысты айыптауда болды.

Патент екі бөліктен тұрды: сұйықтығы бар үлкен пластик бөтелке және бөтелкені тасымалдау және жинақтау кезінде қорғайтын металл корпусы. Осы сыйымдылықтың жаңалығы мен патентті жаңағы корпусы дайындаудың ерекше тәсілінде еді.

Осындай сыйымдылықтарға тән ерекшелік – пластик бөтелкелерді ауыстыру қажеттілігінде, өйткені олар зақымдалады немесе ішінде уытты заттардың қалдықтары болады.

Әдетте, жұмыс ескі бөтелкелерді алып тастау, корпусы жөндеу, қажет жағдайда жаңа бөтелкені (сол немесе басқа типті) орнату арқылы жүргізіледі.

Schütz компаниясы сусымалы материалдар үшін қайта қалпына келтірілген аралық сыйымдылықты өндіру кезінде *Werit* және *Delta* компаниялары оның патенттелген тауарын «өндіруге» берілген айрықша құқығын бұзды деп, аталған фактіге наразылық білдірді.

Ол сондай-ақ «сөздің көмескі мағынасы мен қандай да бір нақты қызметтің өнім «дайындаудан» тұратынын анықтау үшін мәнмәтін атқаратын өте маңызды рөлді» атап өтті. 27 Осылайша, *Schütz* компаниясымен дайындалған үлкен бөтелкелерді сол компания жасаған корпусармен бірге орнату,



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Құқықбұзушылық

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

әлбетте, «дайындау» болып саналады, ал алмалы қақпақты ауыстыру – олай саналмайды. 28 Werit компаниясымен дайындалған үлкен бөтелкелерді Schütz компаниясымен дайындалған корпусқа орнатқан кездегі жағдаймен қалай болу керек?